

Ж. М. Хманова, 3-курс
Фылыми жетекшісі: М. М. Дүйсебалиев, жедел-іздестіру қызметі
кафедрасының оқытушысы
(ҚР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСУ

Мамандардың айтуынша, қылмыстық топтар жылдан-жылға заңсыз тапқан ақшаларын шетел асырудың небір қитұркы амалдарын тауып келеді. Қуресті тиімді жүргізіп, қаржы көздерін алдын-ала анықтау үшін олардың алдын орап отыру керек. Ұйымдастық қылмыстық топ мүшелерін іздеумен қатар, олардың қаражаттарын ел бюджетіне қайтару жайына да баса назар аудару керектігі ұсынылды. Бұл үшін Орталық Азия елдеріне заннамаларын өзгертіп, құзырлы ведомстволармен өзара тығыз байланыста жұмыс істеп, үнемі тәжірибе мен аппарат алmasып отыру қажет екенін айттып өте кеткен жөн. Өйткені, трансұлттық қылмыспен бір мемлекеттің жалғыз күресуі мүмкін емес¹.

Осы бағыттардың бірі — қылмыспен күресу, қоғамдық тәртіпті, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Онда мемлекеттің қылмысты бақылап отыру міндеттері, қағидалары, стратегиясы, негізгі бағыттары, түрлері мен әдістері айтылады. Қылмыстық жазаны орындау саласын айттын болсақ, ол қылмыспен күресу саясатымен тығыз байланысты, сондықтан мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясатпен белгіленеді. «Қылмыс саясаты»(«Criminal politic») терминін 1840 жылы Ансельмом Фейербах бірінші қолданған болатын. Ол оған қылмыс құқығы туралы заң шығару актілерін әзірлегендеге мән беру рөлін көрсеткен. Сондықтан бұл терминде біздің пікірімізше, кең мағынада «мемлекеттің қылмыспен күресу саласындағы саясаты» терминімен бірдей пайдалану орынды сияқты, әрине құқық қорғау органдарының алдына қойылған қызмет пен міндетке ерекше назар аударған жөн². Қылмыс саясаты — қылмыспен күресу бағытын, түрлерін, онымен күресуге арналған мемлекет органдары қызметінің мазмұны мен міндеттерін белгілейді. Жазалауда қылмыс саясатын шартты түрде дербес қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару, пост-пенициарлық саясатқа бөлуге болады. Бұлардың тиісті салалар әрекетіне негізделетін бағыттары:

- 1) қылмысты тез және толық ашуға, яғни заңды дұрыс пайдалануды, жазадан құтыла алмайтындықты және кінәсіз адамдарды жауапқа тартпауды қамтамасыз етеді;
- 2) жасалған қылмысты дұрыс саралау мен орынды да жасаған әрекетіне сайма-сай жаза белгілеу;
- 3) жазаны тағайындау, жазаны атқару;
- 4) жазалау әсерінің жағымды жақтарын баянды ету³.

Қылмыс жасауға деген бейімділіктің түп-төркіні, анығырақ айтқанда, тұқым қуалаушылықтан пайда бола ма? Әлде мұның өзі адамның өмір сүретін ортасының, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайдаң ықпалынан туындаі ма? Галымдар мен сала мамандарын ғана емес, жалпы көпшілікті толғандырып отырған мұндай күрделі саулалың нақты жауабын табу әлі де болса біршама терең зерттеулерді қажет ететін түрі бар. Әрине, ешкімнің анадан қылмыскер болып тумайтындығын дәлелдеп жатудың керегі жоқ, дегенмен ғалымдар адам бойындағы қатығездік, өшпендейлік және басқа келенсіз қасиеттердің тұқым қуалаушылықтың көріністері екендігін де жасырмайды.

Алайда, қазақ халқының «жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз» деген тұжырымымен келіспеске де болмайды, өйткені бұл ойда да бұлтартпас түйін бар. Мәселен, Саратов университетінің профессоры Иосиф Ной кезінде адамның қастандыққа бейімдігінің түп тамырында тұқым қуалаушылықтың әсері жоқ деген нақты шешімге келген. Сонымен, ғалымдар пікірінше, қарашылық қылмысқа, қастандыққа бет бұру, ең алдымен адамның жеке өзіне, тәрбиесіне және ортасына тікелей байланысты. Елімізде қылмысқа қарсы күрес қарқыны арттырылып, оның әдістері де жетілдіріле түсkenімен, өкінішке қарай, бүкіл әлемдегі сияқты, республикада да уақыт өткен сайын қылмыстың тоқталар түрі жоқ. Өткен жылды Алматы қаласында 4175 ауыр және 4241 аса ауыр қылмыс тіркелген, ал барлық қылмыстың саны 12 мыңдан асқан.

Өз өмірлеріне қауіп төнгеніне қарамастан, қатерлі қылмыспен күрестің алдыңғы шебінде жүретін полицейлер арасында қызметтік парызын өтеу үстінде қаза болғандар аз емес. Олардың ерлігі — жас ұрпаққа өнеге; ал қылмыскерлер қайткенде де өз жазасын алатындығы сөзсіз. Шын мәнісінде де мынау жарық дүниеде ар заңы бойынша да, қоғам заңы бойынша да зұлымдық, қарақшылық қылмыс катан жазалануы тиіс және солай болып келеді. Кеңесте сөз алған Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов аталған шараның ШЫҰ-ның құрылғанына 10 жыл толу қарсаңында өтіп отыр және бұл біздің көп қырлы ынтымақтастығымыздың одан әрі дами түскендігін білдіреді деді. 2009 жылы Ресейдің ұсынысы бойынша Екатеринбургте өткізілген бірінші кеңесте қылмыспен бірлесе куресу және өзара тәжірибе алмасудың жалпы бағыттары талқыланған еді. Бұл жолғы кездесуде аталған бағыттағы ынтымақтастықты одан әрі нығайта түсетін маңызды мәселелер қаралмақ. Соның ішінде Қазақстан тарапы үйимдасқан қылмыспен курес, есірткінің заңсыз айналымы, заңсыз көші-кон және т. б. мәселелерді ортаға салатынын айта өткен жөн.

¹ Флетор Д. Ж., Каумов А. В. Осы заманғы қылмыстық құқықтың негізгі тұжырымдамалары. — Астана, 1999.

² Казак ССР-інде Қылмысқа қарсы күрестің және құқық тәртібін нығайтудың 1989-1995 жылдарға арналған бағдарламасы. — Алматы, 1989.

³ Ешенигалиев А. Т. Құқықтық өзара әрекеттестікті жетілдіру мәселесі. — Астана, 2008.